

Жетібай Рақымберді Қажығалиұлының «8D02308 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша «Жүмекен Нәжімеденов прозасының көркемдік әлемі» атты тақырыпта философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына

П І К І Р

Ұлттық сөз өнеріміздің ұлы керуеніне өткен ғасырдың алпысыншы жылдары қосылып, әдеби үдеріске кең тыныс, айрықша ағыс ала келген көрнекті қаламгерлер қатарында өзінің нәзік сезімге бай көркем жырларымен көзге түскен тамаша ақын Жүмекен Нәжімеденовтың есімі ерекше аталады. Жүмекеннің поэзиясы жөнінде ақынның көзі тірісінде де, одан кейінгі жылдарда да көптеген зерттеу еңбектері, ғылыми диссертациялар қорғалды. Олардың қай-қайсысында да Ж.Нәжімеденовтың ақындық қуаты мен дара қолтаңбасына, өзіндік көркемдік бояуы мен стиліне тиянақты талдау жасалып, жоғары баға берілді.

Қаламгер Жүмекен Нәжімеденовтың шығармашылық мұрасы жөнінде ізденуші докторант Рақымберді Жетібайдың диссертациялық зерттеу жұмысының басты жаңалығы әрі ғылыми құндылығы ұлттық поэзия көгінде мейлінше кеңінен танылған сыршыл лирик ақынның қаламынан туған прозалық туындыларына тұңғыш рет ғылыми диссертациялық деңгейде теориялық зерттеу жүргізіп, жазушы Жүмекен прозасына ғылыми жұртшылықтың назарын аудару мақсатында деп есептеймін. Оған негіз де жоқ емес. Себебі ақын Жүмекен өзінің әңгіме, хикаяттары, заман тақырыбын, халқының басынан өткен қилы күндердің оқиғаларын арқау еткен көркем романдары арқылы оқырманына өзінің тамаша прозашы екенін көрсетті. Сол арқылы өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бері қарайғы кезеңдегі ұлттық прозаның даму үдерісіне жаңаша леп ала келді.

Докторант Р. Жетібай ұсынып отырған ғылыми зерттеу жұмысын жазу барысында қаламгердің әрбір шығармасына терең теориялық талдау жасай отырып, жазушының прозасындағы тақырыптық, идеялық, көркемдік-эстетикалық ізденістердің тамырына үңіліп, нақты тұжырымдарын пайымдай білді. Мәселен, диссертациясының қаламгердің әңгімелері мен повестерін қарастыратын бөлімінде ақын Жүмекеннің «Кішкентай», «Келін», «Соңғы махаббат» сияқты дастандары мен прозашы Жүмекеннің көркем әңгімелері арасындағы тығыз сабақтастықты, ерекше шығармашылық тұтастықты диссертант тап басып көрсетеді және сол арқылы қаламгердің өзіне тән көркем пайымдау қабілеті мен авторлық дара қолтаңбасын айқындап береді.

Сол сияқты диссертациялық еңбектің екінші бөлімінде қаламгердің үлкен проза саласындағы еңбегі – «Ақ шағыл», «Кішкентай», «Даңқ пен



дақырт» романдарындағы сюжеттік желілердің бірін-бірі толықтырып, заман шындығы мен кейіпкерлердің ішкі әлеміндегі қилы-қилы иірімдер мен қақтығыстардың өзара жымдасып жататын ерекшелігін де нақты әдеби талдаулар арқылы ашып көрсетеді. Жазушы кейіпкерлерінің мінез-құлқы мен элеуметтік ортадағы адамгершілік, психологиялық күйінің сан алуан бояуларына, жалпы қаламгер қаламымен сомдалған көркем образдар жүйесінің ерекшеліктеріне докторант дәлелді сипаттамалар беріп отырады.

Тұтастай алғанда, суреткер Жүмекен Нәжімеденов өзінің көркем прозадағы авторлық даралығы, тақырып таңдау, оқиға желісінен, кейіпкерлердің іс-әрекетін фольклорлық және этномәдени құндылықтармен сабақтастыра отырып философиялық пайымдаулар жасау шеберлігі жағынан айрықша танылған қаламгер. Мәселен, «Домбыра мен көсеу» повесінде сонау көне замандар қойнауынан қазақтың өзімен бірге жасап келе жатқан қасиетті домбыра сияқты ұлттық құндылықтарымызды қастерлеу идеясы, «Аспан шақырады» шығармасындағы мифологиялық сарын арқылы ой түйю, бірқатар туындыларындағы оқиғаларды хат жолдары арқылы жеткізу тәрізді ерекшеліктерді атап айтуға болады.

Ізденуші докторант Р. Жетібай өзі қарастырып отырған қаламгер шығармаларындағы осы сияқты көркемдік-эстетикалық кесте-бояуларды, сондай-ақ жазушының көркем бейнелеу даралығын ашып көрсете отырып, оның шығармаларында суреттелетін ауыл өмірі, қанды соғыс тұсындағы және одан кейінгі халықтың ес жинау кезеңіндегі ел тірлігін бейнелеудегі суреткерлік қолтаңбасының ешкімге ұқсамайтыны төңірегінде дәлелді тұжырымдар жасайды.

Диссертация жазу барысында докторант Ж.Нәжімеденовтың шығармашылық мұраларымен толық танысты. Жазушының прозасын зерттеген ғылыми еңбектердегі пікір-тұжырымдарды салыстыра отырып, өз талдауларының негізінде қорытынды ұсынады.

Тұтастай алғанда, ғылыми кеңесші ретінде докторант Рақымберді Жетібайдың диссертациялық тақырыбын зерттеу және жазу барысындағы ізденушілік еңбегін жоғары бағалаймын және оның «Жүмекен Нәжімеденов прозасының көркемдік әлемі» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған ғылыми диссертациясын қорғауға ұсынуға әбден лайық еңбек деп санаймын.

Ғылыми кеңесші:

